

1-бөлім: Жаһандану

• Жаһандану дегеніміз не?

ДИАГРАММА 01:



Жаһандануды идеялар, тауарлар, қызметтер мен әсер ету күштерінің әлем бойынша қозғалып, адамдар арасында ауысуы деп түсіндіруге болады. Бұған мәдениеттердің, сенімдердің және саясаттардың алмасуын жатқызуға болады. Жаһанданудың, сондай-ақ, әлемдік күші бар ірі компаниялар мен трансұлттық корпорациялардың (ТҰК) өсуімен де байланысы бар. Байланыс түрлерінің өсуі мен транспорттық шығындардың біртіндеп азаюы есебінен жаһандану (кейбір адамдарға) әлемді кішкентай етіп көрсетуде, ал ол физикалық тұрғыдан, әрине, өз қалпында тұр.

Жаһандану бірнеше он жылдықтардан бері көрініс табуда, ол ірі компаниялардың түрлі мемлекеттерде дамып, жаһандану әсерін алғаш сезінген сәтінен басталған болар. Кейбір тарихшылар бұл процесс 1492 жылы, Христофор Колумб Американы "ашып", Еуропаның Атлант мұхитына дейін билігі жүрген кезінен басталды деп пайымдайды.

Қосымша сұрақтар

С1. Алғашқы жаһандық компаниялар?

Британ империясы империяның көп бөлігінде жұмыс істеген британдық Ост-Үнді компаниясы сияқты маңызды компанияларды біріктірген жаһандық желі болатын, бұл компания алғашқы ТҰК болуы да мүмкін. Алғашқы жаһандық компаниялардың елдерді біріктірген, ұзақ мерзімді саяхаттарды қамтамасыз ететін транспорттық желілері болған. Сонымен қатар, әлемге кеңінен таралған өнім шығаратын компаниялар да болған. Бұл компаниялардың көбісі – Еуропалық немесе Америкалық компаниялар.

С2. Алғашқы жаһандық компаниялар қалайша өз статусын жоғалтпады?

24 сағат бойы жаңа жаңалықтар болатын қазіргі әлемде жаңалықтар бірнеше күнде бірақ жетуі мүмкін дегенге сену қиын шығар. Қазіргі күнге дейін сақталып қалған алғашқы жаһандық корпорациялар – әлемнің шалғай жерлеріне ақпараттар мен тауарлар тасуға маманданған корпорациялар. Бірінші болып дамыған компанияларға өздері негізін қалаған желілер (үнемі байланыста ұстаған), жақсы жер (кейбір тамақ өнеркәсібі компаниялары) және шикізат қоры (кейбір ірі мұнай компаниялары) сияқты заттардың пайдасы тиді.

Бұл компаниялардың үлкендігі де әлемдік экономиканың мүмкін өзгерістерінен қорғады. Олар өздеріне қолайлы салық мөлшері туралы да келісе алады, егер салық мөлшері қолайсыз болса, елден шығып кету туралы қорқытулар да жасайды, олардың елден шығып кетуі сол елге жойқын қатерлер алып келуі мүмкін еді.

• Ұсынылатын фильм

- Жаһандану дегеніміз не?

• Жағандану әлемді қалай өзгертуде?

Жағандану біздің өмірімізді түрліше өзгертті. Ол біздің басқа халықтарға деген ойымызды, ішкен асымызды, киген киімімізді, тыңдайтын музыкамызды өзгертті. Заманауи технологиядағы жаңалықтар әлемнің түрлі бөлігіндегі адамдармен оңай байланысып, жағандық деңгейде ақпарат алмасуға мүмкіндік тудырды. Біздің өзара тәуелді әлеміміз басқа елдермен орнатқан байланыстарымыздың артуы есебінен де өзгере түсті, бір күн ішінде онсыз өмір сүру мүмкін еместей. “Батыстық” өмір стилі көп адамдардың өміріне әсер етуде. Қытайдағы орта таптың өсуі адамдардың ақшасын жұмсайтын орын іздеп, көлік иеленушілердің санын күрт өсіріп жіберді. Жекелей алғанда, Лэнд Ровер сияқты компаниялар Қытайдағы өздерінің оң имидждерінің арқасында пайда көріп жатыр.

Қосымша сұрақтар

С3. Жағанданудан кім көп пайда көруде?

Жағандану әлем халқының көпшілігіне оң жағынан әсер етіп жатқанына қарамастан, экономикасы дамыған елдер жағанданудан көбірек пайда көріп, әлемдік теңсіздік орнатуда. Әрине, ірі компанияларға жұмыс істейтін адамдарды бенефициарлар деп алсақ та, олардың жалақылары төмен, еңбектері көп қолданылуы мүмкін, мұндай еңбек шығындары төмен жұмыс орындарын тоқтаусыз іздеу салдарынан қалыптасқан. Жағандану тұтынушыларға бұрынғыдан қарағанда төмен бағадағы тауарлардың үлкен ассортиментін ұсынууда.

С4. Жағанданудан кім аз пайда көруде?

Жағандану компаниялардың еңбек күші мен жері арзан орындарға көшіп кетуі әсерінен көп адамдардың жұмыстарынан айырылуына себепші болуда. Көп адамдар жұмыс іздеп, үйлерін тастап кетуде. Кейбір ірі компаниялардың іс-әрекеті нәтижесінен жергілікті су каналдары ластанып, ауаға улы химикаттар бөлінуде.

• Ұсынылатын фильм

- Жағандану дегеніміз не?

• Ұсынылатын жаттығулар

- Оқушылардан бір күнді антижағандық үлгіде өткізулерін сұраңыз. Олар үйден бірнеше километр қашықтықта ғана өндірілетін өнімді қолдануы қажет. Оқушылардан қиын болған сәттерді және жағанданудан өмірінің қай бөлігі көбірек өзгеріске ұшырағанын анықтауды сұраңыз.

- Оқушыларға өздерінің бір затының тауарлық тізбегін құрастырып, оны қағазға түсіруін тапсырыңыз.

• Жағанданудың бізге әсері қандай?

Жағандану бізге тек әсер етіп қана қоймайды, онда тіпті біздің де өз орнымыз бар. Біз бәріміз тұтынушылармыз, біз қабылдаған әрбір шешім әлемнің басқа бір бөлігіндегі адамдарға өз әсерін тигізеді. Мысалы, бізге киім қажет, бірақ олар әдетте нашар жағдайда, яғни төмен жалақыға жұмыс істейтін жерлерде өндіріледі. Біз өзіміздің жағандық компаниялармен байланысымызды сезе бермейміз, алайда танымал брендтер әдетте ірі компаниялардың иелігі болып табылады. Біз сатып алатын заттар бөгде адамдар көрмейтін жерлерде жасалған, ал ішетін асымыз шалғай аудандарда өсіріліп, өңделген.

Біздің өміріміз басқа адамдармен физикалық және виртуалды байланыстар арқылы байланысады. Интернетті қолданған кезімізде веб беттерге сұранысымыз әлемнің әр түрлі бөлігіндегі компьютер серверлері арқылы өтеді. Теледидар бағдарламалары ғарыштағы серіктер арқылы жеткізіледі, және ірі спорт оқиғалары миллиардтаған теледидар көрермендерін жаулап алады.



Трансұлттық корпорациялар әлемде
кеңінен танымал

• Ұсынылатын фильм

- Жағандану дегеніміз не?

Қосымша сұрақ

C5. Жаһандық сауда адамдардың өмірін жақсартта ма?

Жаһандық сауда Қытайдағы сияқты миллиондаған адамдарға жұмыс орнын тауып беруде. Жұмыс ұсыну арқылы, сауда көп адамдарды кедейшіліктен шығарып, басқа жұмыстарда қолдануға болатын дағдыларды қалыптастырды. Өнеркәсіптегі шикізатқа сұраныс басқа секторларда да жаңа жұмыс орындарын ашуға себеп болды, сонымен бірге әлем бойынша жүк тасымалын жасайтындарға да үлкен пайдасын тигізуде. Алайда, бұл төмен жалақы мен қауіпті еңбек жағдайларындағы еңбек күшін қолдануға әкелуі мүмкін.

ДИАГРАММА 02:

Жаһанданудың әсерлері ХАЛЫҚТАР ГЕОГРАФИЯСЫ • ӨЗГЕРІС ҮСТІНДЕГІ ӘЛЕМ • ЖАҒАНДАНУ	
Оң	Теріс
 Жаңа жұмыс орындары	Қауіпсіз жұмыс жағдайлары мен төмен жалақы
Ішкі байлық пен инвестиция	 Пайда дамыған елдерге келеді
Мәдениет алмасу	Мәдени алуандылық қаупі
Жаһандық мәселелер мен оқиғалар туралы хабардар болу	Ластану 

2-бөлім: Жаһандық ауыл

• “Жаһандық ауыл” ұғымының мағынасы не?



Жаңа технологиялар бізге кез-келген жерде және кез-келген уақытта бір-бірімізбен байланысуға мүмкіндік береді

• Ұсынылатын жаттығу

- Оқушылардан ұялы телефондардың географиялық маңыздылығы туралы сұраңыз. Мысалы, оны жасауда қолданатын колтанның әсері немесе олардың Африкаға әсері туралы зерттеуге болады. Оқушыларға ұялы телефондардың әлемді жақсы жаққа қарай өзгерткендігі жайлы қорытынды жасауды тапсырыңыз.

Жаһандық ауыл терминін ең алғаш рет 1960 жылы американдық БАҚ комментаторы Маршалл Маклюэн енгізген болатын. Бұл ұғым технология мен ақпараттың жылдам таралуы әсерінен Жер шарының қалай кішірейіп бара жатқанын сипаттайды. Маклюэннің айтуы бойынша, әлемді “ауылдың” эквивалентіне айналдырған осы-өзгерістер. Интернет осы өзгерістермен байланыстырылады, алайда Маклюэн өз еңбегін жазған кезде интернет болмаған.

Қосымша сұрақ

C6. Жаһандық ауылдан шеттетілгендер бар ма?

Мобильді технологиялардың дамуына қарамастан, ұялы телефоннан бірде-бір рет қоңырау шалып көрмеген адамдар да бар, бұл өз кезегінде оларды жаһандық ауылдан шеттетеді. Сонымен қатар, технологияға қолжетімділік деңгейі жағынан географиялық алшақтық та бар, және осы “сандық теңсіздік” маңызды қызметтер мен ақпараттарға қолжетімділікке әсер етеді. Осылардың кейбірі жердің шалғайда орналасуына және физикалық орта табиғатына байланысты қалыптасады.

• Ұсынылатын фильмдер

- Жаһандық ауыл
- Көлік желілері

ДИАГРАММА 03:



Қосымша сұрақ

С7. Ұялы телефонның адамдарды байланыстырудағы маңыздылығы қандай?

Ұялы телефондар әлемдегі маңызды технологиялардың бөлігінің біріне айналды. Африка елдерінде миллиондаған телефон қолданыста, бұл телефондар шағын бизнесті қолдап, жол шығынын болдыртпай, көптеген операцияларды жүргізуге мүмкіндік береді. Транспорттық инфрақұрылым көп аудандарда нашар дамыған, ал жол жүрудің азаюы уақытты үнемдейді. Ұялы телефондар банк саласына да өзгерістер алып келді, олар шағын несиелерді ұйымдастырып, үйлестіру кезінде қолданылады.

• Коммуникация және көлік жүйелері жаһандану процесін қалай жеделдетті?

Тауарлардың физикалық орын ауыстыруы – жаһанданудың негізгі қозғаушы күші, ал экстенсивті транспорт жүйелері тауарлардың бір елден екіншісіне жылдам қозғалуын қамтамасыз етті. Жаһандық байланыстар әуе желілерінің дамуының арқасында тез көбейді. Үлкен кемелер мұхиттарды кесіп өтеді, ал автокөлік жолдары мен теміржолдар тұрақты түрде өсіп, жаңа жерлерді бағындыруда. Бұл желілердің күрделілігін әуе фототүсірілімдерінен байқауға болады.

Әуе компаниялары шалғай аудандарға жылдам баруға мүмкіндік берді. Бір күн ішінде кез келген адам Жердің кез келген жерінде бола алады. Шетелге саяхаттар оңай әрі арзан бола түскендіктен, адамдарға үйлерінен алыс жерді көруге мүмкіндік туды. Күнделікті ұшу сапарлары арқылы тез бұзылатын тауарлар да тасымалданады, азық-түліктер мен жаңа ғана кесілген гүлдер әлемдік әуе тасымалының 10%-ын құрайды және тез бұзылатын тағамдар тасымалы жолаушылар тасымалына қарағанда тезірек өсуде.

Интернет әлемнің түрлі бөліктеріндегі адамдармен байланысып, ақпарат пен суреттер алмасуға мүмкіндік береді. Ақпарат бір сәтте таралады, мұны дәстүрлі теледидарға қарағанда әлеуметтік медиа арқылы онлайн жаңалықтар тез таралатындығынан байқауға болады. Ұялы телефонға дауыстар мен видеоларды жазу адамдарға жаңалықтарды өздері тудыруға және қабылдауға жағдай жасады.



Техникалық прогресс көлік шығындарын азайтты, сол себепті тауарлар мен қызметтер бағасы төменгі шектен асты

• Ұсынылатын фильмдер

- Көлік желілері
- Көлік кептелісі

Қосымша сұрақтар

С8. Теңіз тасымалының контейнерлері әлемді қалай өзгертті?

Малкольм Маклин 1950 жылдары заманауи теңіз тасымалы контейнерін құрастырып шықты. Оның стандартты көлемі оны ашпай-ақ, кемеден жүк машинасына ауыстыруға мүмкіндік берді. Бұл қарапайым идея тауар тасымалын жылдамдатты, бұрын жүк тікелей кеме трюмына салынып, керекті жеріне жеткен кезде айлақта қайта алынатын. Бүгінде контейнерлердің штрих-кодтары бар, оларды электронды түрде бақылап отыруға болады. Алайда, заманауи контейнерлердің енгізілуі портты қалаларда ірі көлемдегі жұмыссыздық туғызды, себебі жүкті тиеуге аз адам ғана қажет болып қалды.

Маерск тәрізді ірі теңіз тасымал жүйелері Қытайдан Еуропа мен Америка нарығына тауар тасымалдау үшін ірі кемелер құрастыра бастады. 2011 жылы Маерск ұзындығы 400 м және 18 000 контейнер тасымалдай алатын кемеге тапсырыс берді.

С9. Мұхиттар әлемді қалай байланыстырады?

Мұхит жолдары маңызды рөл атқарады, себебі олар әлемді түрлі жолдармен байланыстырады, олардың кейбірінің орны ерекше. Су бетінде жүретін кемелер тәрізді, мұхит түбіндегі су асты кабельдері телефон сигналдарын жеткізеді және соңғы кездегі мәдени жаһандандудың бір белгісі болып табылатын интернетке шығуға мүмкіндік береді.

• Жаһандандудың біз ішетін асқа қандай әсері бар?

Супермаркеттердің көпшілігінен біздің қалауымызға сай әлемнің түкпір-түкпірінде жасалған өнімдердің үлкен ассортиментін көруге болады. Кейбір супермаркеттерде сатып алу жағдайы жоғары және олардың географиялық тұрғыдан кең екені байқалынады, бұл олардың “дәл уақытында” және мүмкіндігінше жаңа тауарларды алып келетіндігіне кепілдік береді. Тамақтың түр-түріне деген барлық уақытта туындайтын сұраныс “маусымдық” тауарлар түсінігін жоғалтты. Қазір біз барлық затты жыл бойы сатып ала аламыз және супермаркеттер экологиялық салдарларға қарамастан барлық сұранысты қамтамасыз етуге тырысуда. Біздің сұранысымыздағы тауарлардың экологиялық салдарларына ауыл шаруашылығында орнықты емес әдістерді қолдану, жоғары сұранысты қамтамасыз ету үшін аса жоғары мөлшерде өнім салу, және тасымалдау кезінде көміртегі диоксидінің көп мөлшерде шығарылуы жатады.

Тұтынушыларға қолжетімді тауарлардың ассортименті супермаркет сатып алушыларының таңдауына қарай қалыптасқан. Мәселен, мұны Әділетті сауда өнімдері көп сұраныстың әсерінен қолжетімді болуынан байқауға болады.



Табиғи, қолжетімді егістік жерлердің шектеулі көлеміне байланысты, ауыл шаруашылығы өнімдерін арттыру үшін жаңа әдістерді қолдануымыз қажет

• Ұсынылатын фильмдер

- Бразилия: Ауыл шаруашылық революциясы
- Бразилия: Плантациядағы өмір

Қосымша сұрақ

С10. Тұтынушылар ауыл шаруашылығын қалай өзгертуде?

Тұтынушылардың таңдауына байланысты жеткізушімен жасалатын келісімшарттың жасалуы мен тоқтатылуы анықталады. Сапаны бақылау күшейтілді, алайда бұл ысырапшылдықты көбейтуде, мысалы көкөністер дұрыс өлшемде, не дұрыс пішінде болмаса ол сатылымға шығарылмайды. Фермерлер супермаркеттердің сұранысын қамтамасыз ету үшін, әдетте кооперативтер құрып бірігеді. Табиғи өнімдерге деген сұраныстың артуы сияқты талғамның өзгеруі кейбір жеткізушілерге жақсы жаңалық болды. Жаһанданған азық-түлік табиғатына қарсы жауап ретінде азық-түлік пен басқа да өнімдерді шығаратын жергілікті фермерлер нарығы дамуда.

Қосымша сұрақтар

C11. Ұлыбританиядағы адамдарға Кенияда өндірілген жасыл үрмебұршақтарын сатып алу қажет пе?

Кейбір адамдар мыңдаған километр жерден әуе арқылы тасымалданған үрмебұршаққа қарағанда жергілікті жерде өсірілген жасыл үрмебұршақтар пайдалырақ деп есептейді. Олар сонымен қатар, Кениядағы фермерлер өздерінің әділетті жалақысын алмай, еңбектері арзан қолданылған деп те айтады. Дегенмен де, бұл жерде мықты қарсы аргументтер де бар. Жасыл үрмебұршақ келісімшарттары жергілікті экономиканы дамытып, адамдарға өз балаларын тәрбиелеуге жеткілікті ақша табуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сұранысты қамтамасыз ету үшін еуропалық қыста жасыл үрмебұршақты өсіру үшін көп энергия қажет. Біз ішетін астың өндірілуіне, өңделуіне және тасымалдануына қатысты бірқатар этикалық және экологиялық мәселелер бар.

C12. ҚГИ асы деген не?

ҚГК – Қорғалатын Географиялық Көрсеткіш. Дәстүрлі түрде өндірілген жеріне байланысты көптеген өнімдер сол жермен байланыстырылады. Өнімге өндірірілген жерінің аты қоса берілуі де мүмкін, мысалы Парма ветчинысы, Стилтон ірімшігі, Моденаның балызамдық сірке суы немесе Флоридалық апельсин шырыны. Осы және басқа өнімдер ҚГК статусын алған, бұл олардың белгілі бір географиялық ауданда белгілі бір стандарттар арқылы өндірілетіндігіне кепілдік береді. Осы статус сапаны бақылауды күшейтіп, сапасы жақсы емес, көшірме тауардың болуына кедергі келтіреді.

3-бөлім: Ауыл шаруашылығы және орнықтылық

• Ауыл шаруашылығы плантациясы деген не?

Дамыған елдердің супермаркет сөрелерінде тұрған өнімдердің көпшілігі кенже дамыған елдерде өсірілген. Соңғылары көбінесе бұрынғы колониялар болған, бұл жерлерде колониялық елмен жасалған сауда келісімдері саяси тәуелсіздікке қарамастан еш өзгермеген. Өнімді көбейту үшін, дақылдар ірі дара дақылды шаруашылықтарында, плантацияларда өсіріледі. Кейбір жағдайларда бір ғана компанияға жер де, ферма да, зауыт та тиесілі болады.

Плантациялық ауыл шаруашылығында тек қана бір дәнді-дақыл түрі өсірілетіндіктен, оның ауруға ұшырау мүмкіндігі жоғарылайды, ал бұл бір ғана алқапқа емес, барлық плантацияға қауіп төндіруі мүмкін. Өсімдіктердің ауруға ұшырауын болдырмас үшін пестицидтер өте көп мөлшерде қолданылады. Бұлар жұмысшылардың денсаулығына зиян келтіруі ықтимал. Топырақты құнарландыру үшін алқаптарға қалыпты жағдайда қарқынды түрде тыңайтқыштар құйылады. Бұл да өз кезегінде жұмысшыларға зиян келтіреді. Осы жағдайлар шығынды көбейтумен қатар, көміртегі шығарылымының да мөлшерін арттырады.

Ірі компаниялар табиғи ортаны жойып, плантациялар салғаны үшін де айыпталған болатын. Бұған оңтүстік-шығыс Азиядағы плантациялардың орангутандарға тигізіп жатқан кері әсерін мысал ретінде келтіруге болады.

• Ұсынылатын жаттығулар

- Оқушылардан плантациялық ауыл шаруашылығының олардың өміріне қалай әсер етіп жатқанын сұраңыз. Олар плантацияда өндірілуі мүмкін қандай өнімдерді қолданады?
- Оқушыларға олар жейтін жемістер мен көкөністердің қайдан келетінін картада көрсетуін сұраңыз.



Қант қамысы биоотын жасауда қолданылатындықтан, оның өндірісі Бразилияда кеңінен дамуда

• Ұсынылатын фильмдер

- Бразилия: Ауыл шаруашылық революциясы
- Бразилия: Плантациядағы өмір

Қосымша сұрақтар

С13. Мономәдениет деген не?

Мономәдениет – үлкен алқапта бір ғана дақыл түрін өсіру. Бұл экономикалық жағынан тиімді, себебі бір ғана техника түрлері қолданылады, жұмысшыларды бір ғана дақыл түрін өсіруге дайындау оңайырақ, және еңбек күші де арзан болады. Америка прерийлерінде бидайды өсіру мономәдениетке жатады, сондай-ақ бақшалардың көпшілігін де мономәдениет үлгілері ретінде қарастыруға болады.

С14. Плантацияларда қандай дақылдар өсіріледі?

Плантацияларда түрлі дақылдар өсіріледі. Доул және Дель Монт ананас пен басқа да жемістерді өсіретін ірі плантациялық корпорациялардың қатарына кіреді. Мақта, қант қамысы, табак, кофе және каучук те плантацияларда өсіріледі. Аса танымал емес түрдің бірі – пальма майы, ол тағам өнімдерін, соның ішінде маргаринді жасауда қолданылады.

• Бразилия қалай өзгеруде?



Бразилия – инновациялық ауыл шаруашылық технологиялары дамыған елдердің бірі

Бразилия әрқашан Португалиямен тығыз байланыста болған. Бразилия тәуелсіздігін алғанға дейін, оны басқарып, елдің ресми тілі мен дәстүрінің көпшілігін енгізген – Португалия болатын. Мұның даму барысына кедергі келтірген Бразилиядағы жергілікті топтар жолдан “алынып тасталынып”, олардың жері тартып алынды. Тіпті қазіргі күнге дейін тропикалық ормандарға қатысты орнаған қарама-қайшылықтар бар.

Бразилияда шығарылған фильмдер мен музыкалар әлемге таралды, нәтижесінде Бразилия көп адамдарға таныс болып көрінеді. Маңызды өзгерістердің бірі – соңғы кездегі Бразилия экономикасының жылдам дамып, күшеюі. Елге шетел инвестициялары тартылды, ел тауарлар мен қызметтердің күшті экспорттаушысына айналды, сонымен бірге Бразилия – G20 елдерінің бірі.

• Ұсынылатын жаттығу

- Оқушылардан Бразилия туралы ойланғанда ең алдымен ойларына не келетінін сұраңыз. Одан кейін Бразилия елде болуы мүмкін дамулар мен өзгерістерге қалай дайындалып жатқанын зерттеуді тапсырыңыз.

• Ұсынылатын фильмдер

- Бразилия: Ауыл шаруашылық революциясы
- Бразилия: Плантациядағы өмір

Қосымша сұрақтар

С15. Бразилия өзінің көршілерімен қалай байланысады?

Бразилия Оңтүстік Америкадағы өзге елдермен Латын Америкалық Еркін Сауда Ассоциациясы (ЛАЕС) деп аталатын сауда блогы арқылы байланысады. Сонымен бірге, ел – 1986 жылы қалыптасқан, ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттаушы елдердің Кэрнс тобының мүшесі. Көрші елдер – Бразилия өнімдерінің ең үлкен нарығы, алайда Европалық Одақ – үлкендігі жағынан Бразилияның екінші сауда нарығы.

С16. Бразилияның жаһандық тұрғыдағы орны қандай?

Адамдар Бразилия туралы ойлағанда, Рио-де-Жанейрода ақпан сайын өтетін атақты карнавал естеріне түсуі мүмкін. Сонымен бірге, туристерді қызықтыратын елдің жағажайлары, тропикалық орманы мен Амазонка өзені естеріне түсуі мүмкін. Бразилияның атақты ұлттық футбол командасы да бар, оның құрамындағы ойыншылар әлемнің мықты футбол лигаларында ойын көрсетіп жүр. 2016 жылғы Олимпиада ойындары Бразилиядағы Рио-де-Жанейро қаласында өтеді, сондықтан да ел әлем халқының назарын өзіне аударатын болады. Олимпиадалық инвестиция арқылы бразилиялықтардың өмірін жақсарту туралы жоспар да бар.

С17. БРҰҚ деген не?

БРҰҚ елдері – экономикасы жылдам өсіп жатқан, ары қарай да өсе береді деп күтілетін елдер тобы. Мұндағы Б – Бразилия және әрі қарай Ресей, Үндістан және Қытай болып оқылады, соңғы кездері бұл тізімге Оңтүстік Африка Республикасы да қосылып жүр. Бұл тізімге Бразилияның қосылуы – оның жарқын болашағының

• Жаһандану процесі орнықты ма?

Орнықтылық – қызықты концепция, ол туралы тәжірибе жүзіндегі бірнеше мысалдар да бар. Мұның негізгі мағынасы: болашақтағы өмірге зиян келтірмей өмір сүру.

Жаһандану процесі әлемнің бір бөлігін екінші бөлікпен байланыстыру үшін көп көлемде энергия қолданады, бұл өз кезегінде Жердің шектелген ресурсына қысым түсіреді. Көлік желілері кемелер, ұшақтар, жүк поездары үшін отын түріндегі энергияны қажет етеді. Компьютерлер мен коммуникациялық желілерге электр қуаты қажет. Бизнес сұраныстары адамдарды әлемдегі түрлі жиындар мен конференцияларға қатысуын, яғни саяхат жасауын талап етеді.

Қытайдың энергияға қажеттілігі өте жоғары, артқан сұранысқа көмірді жағу арқылы қол жеткізілуде, ал көмірдің қоры шектеулі және қоршаған ортаға тигізетін зияны өте зор. Дегенмен де, Қытай халқы, саны одан әлдеқайда аз АҚШ-қа қарағанда аз мұнай тұтынады. Мұнайды өндіру өз шегіне жеткенде, өсудің деңгейін баяулату қажет болмақ.



Орнықты, қауіпсіз, тиімді көлік желілерімен қамтамасыз ету үшін инновациялық технологиялар жиынтығы дамытылуда.

• Ұсынылатын фильмдер

- Жаһандану дегеніміз не?
- Көлік желілері

Қосымша сұрақтар

С18. Жаһандану мен климат өзгерісі арасында қандай байланыс бар?

Жаһандық экономикада өндіріс орнынан әлемнің басқа нүктелеріне жеткізілуі қажет жүктің көлемі үлкен. Қазіргі таңда өнеркәсіптік тауарлардың көпшілігі жекеленген елдерде емес, Қытайда жасалуда. Бұл жағдай өндіріс пен тасымал нәтижесінде бөлінетін парниктік газдар шығарылымын арттырды. Тұрмыстық техникаға сұраныс артты және олардың барлығына жұмыс істеу үшін энергия қажет.

С19. Жаһанданудың шегі бар ма?

Жаһанданудың шектеліп қалуы мүмкін емес. Дегенмен де тұтынушылар жергілікті өнімдерді көбірек бағалай бастауы мүмкін. Бұл жағдай кейбір елдерде қазірдің өзінде байқалуда.

Шын мәнінде, Қытай мен Үндістан тәрізді елдердегі жаһандану әсерінен болған экономикалық өсу бұл елдердегі миллиондаған адамдардың өмірін жақсартты және олар енді мұны өзгертуді қаламайды.



• Тест

Жаһандану дегеніміз не?

Негізгі

• Жаһандану дегеніміз не?

А – жергілікті экономиканың, қоғамның және мәдениеттің өзара байланысының артуы

В – өнеркәсіп пен технологияның жаһандық дамуы

С – халықаралық сауданың өзара байланысының артуы

Д – әлем халқы санының артуы

• Жаһанданудың пайда болу себептері қандай?

А – сауда кедергілері мен жергілікті бизнес көлемінің артуы

В – автокөлік иелері мен жұмысшы халық санының артуы

С – коммуникациялық шығынның азайып, шикізат шығынының артуы

Д – көлік шығынының азайып, коммуникациялық желілердің жақсаруы

• Сауда кедергілерін жою

А – тауарларға сұранысты азайтады

В – тауарлар мен қызметтердің шығынын арттырады

С – үлкен нарықтарға кіруге жағдай жасайды

Д – көлік желілерін қолжетімді етеді

Тереңдетілген

• Жаһанданудың пайдасы қандай?

А – жаңа жұмыс орындары

В – халық саны артады

С – сауда кедергілері артады

Д – тауарлардың бағасы қымбаттайды

• Жаһанданудың негізгі қозғаушы күші қандай?

А – қоршаған орта

В – халық

С – жұмыспен қамтамасыз етілу

Д – бизнес

• Жарнама жаһандануға қалай әсер етеді?

А – тауарлар мен қызметтердің құнын арттырады

В – жұмыспен қамтамасыз ету деңгейі артады

С – жергілікті бизнес санын арттырады

Д – идеяларды таратып, әлемдік сауданы дамытады



Жаһандану дегеніміз не?

Негізгі

• ТҰК деген не?

- A – трансжаһандық корпорациялар
- B – сауда компаниялары
- C – трансұлттық корпорациялар
- D – трансұлттық компаниялар

Тереңдетілген

• Трансұлттық корпорациялардың зауыттары мен офистері не себепті кенже дамыған елдерде де орналасқан?

- A – себебі бұл жарнамалау мүмкіндігін арттырады
- B – себебі мұнда еңбек күші мен шикізат материалдары арзан
- C – себебі мұнда халық көп жұмыс
- D – себебі олардың халқы көп

Көлік желілері

Негізгі

• Тасымал жүйесінің негізгі үш элементі:

- A – автокөлік жолдары, теміржол және терминалдар
- B – көлік құралдары, жүк және жолаушылар
- C – көлік құралдары, инфрақұрылым және терминалдар
- D – инфрақұрылым, жүк және жолаушылар

Тереңдетілген

• АҚШ-та күніне қанша ұшу сапарлары болады?

- A – 45 000-50 000
- B – 15 000-нан аз
- C – 26 000
- D – 87 000-нан көп

• Автокөлік жолдары мен теміржолдар ... ретінде белгілі.

- A – көлік құралдары
- B – терминалдар
- C – көлік жүйелері
- D – инфрақұрылым

• Әлемде қанша жеңіл автокөлік бар?

- A – 500 миллион
- B – 600 миллион
- C – 700 миллион
- D – 800 миллион

• Терминалдар деген не?

- A – көлік құралдары сақталатын орын
- B – ұшақтар қонатын және ұшатын орын
- C – бірнеше көлік желілері түйісетін орын
- D – саяхаттың басталатын, аяқталатын немесе жолын ауыстыратын нүкте

• Көлік желілерінің ескіруі...

- A – қоршаған орта үшін жақсы
- B – эксплуатациялық шығындарды азайтады
- C – сенімдірек
- D – көп энергияны қажет етеді



Көлік желілері

Негізгі

• Төмендегілердің қайсысы көп энергия тұтынады?

- A – көлік желілерінің ескіруі
- B – халық санының артуы
- C – саяхат санының артуы
- D – жоғарыдағылардың барлығы

Тереңдетілген

• Төмендегілердің қайсысы тиімді көлік желілерін ұсына алады?

- A – ақылды көліктер
- B – эко-отын
- C – сымсыз технология
- D – жоғарыдағылардың барлығы

Жаһандық ауыл

Негізгі

• “Жаһандық ауыл” ұғымын кім енгізді?

- A – Эрнест Берджесс
- B – Маршалл Маклюэн
- C – Гомер Хойт
- D – Ричард Батлер

Тереңдетілген

• Маршалл Маклюэн қай елден?

- A – АҚШ
- B – Ұлыбритания
- C – Канада
- D – Үндістан

• Жаһандық ауыл деген не?

- A – қашықтықтардың кедергісіз болуына байланысты біздің ғаламшардың кішкентай болып көрінуі туралы идея
- B – адамдар саяхат жасаған сайын, біздің ғаламшардың үлкен болып көрінуі туралы идея
- C – халық санының артуына байланысты біздің ғаламшардың кішкентай болып көрінуі туралы идея
- D – коммуникация жақсарған сайын, біздің ғаламшардың үлкен болып көрінуі туралы идея

• 1993 жылы қанша мемлекет үшін интернет қолжетімді болды?

- A – 60
- B – 100
- C – 120
- D – 150

• Жаһандық ауылда тұрып жатқанымыздың белгісі қандай?

- A – жаңа технология кез-келген жерде және кез-келген уақытта адамдарға қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді
- B – БАҚ жаһандық оқиғалар жайлы бір сәтте хабар береді
- C – біз сатып алатын заттар әлемнің түкпір-түкпірінде жасалған
- D – жоғарыдағылардың барлығы

• Төмендегілердің қайсысы жаһанданудың салдары болып табылады?

- A – урбандалу деңгейінің төмендеуі
- B – урбандалу деңгейінің артуы
- C – әлем халқы санының артуы
- D – коммуникацияның артуы

Жаһандық ауыл

Негізгі

• Жаһандық ауылдың мәдени алуандылыққа зиян келтіріп жатқандығының белігісі қандай?

- A – басқа мәдениеттердің өсіп жатқандығы туралы хабардар болу
- B – басқа елдерге саяхат санының артуы
- C – жерлердің барлығының біркелкі болып көрінуі
- D – адамдар арасындағы байланыстың артуы

Тереңдетілген

• Маклюэн коммуникация болашақта қандай болады деп болжады?

- A – жаңа технологиялар мен жаһандық желідегі жақсартулар әсерінен оңай бола түседі
- B – көршілерімізбен байланысу қиындай түседі
- C – әлем халқының өмірін өзгертпейді
- D – жаңа технологиялар мен халық санының өсуіне байланысты күрделі бола түседі

• Жауаптар

Жаһандану дегеніміз не?

Негізгі

• Жаһандану дегеніміз не?

A – жергілікті экономиканың, қоғамның және мәдениеттің өзара байланысының артуы

B – өнеркәсіп пен технологияның жаһандық дамуы

C – халықаралық сауданың өзара байланысының артуы

D – әлем халқы санының артуы

• Жаһанданудың пайда болу себептері қандай?

A – сауда кедергілері мен жергілікті бизнес көлемінің артуы

B – автокөлік иелері мен жұмысшы халық санының артуы

C – коммуникациялық шығынның азайып, шикізат шығынының артуы

D – көлік шығынының азайып, коммуникациялық желілердің жақсаруы

• Сауда кедергілерін жою

A – тауарларға сұранысты азайтады

B – тауарлар мен қызметтердің шығынын арттырады

C – үлкен нарықтарға кіруге жағдай жасайды

D – көлік желілерін қолжетімді етеді

Тереңдетілген

• Жаһанданудың пайдасы қандай?

A – жаңа жұмыс орындары

B – халық саны артады

C – сауда кедергілері артады

D – тауарлардың бағасы қымбаттайды

• Жаһанданудың негізгі қозғаушы күші қандай?

A – қоршаған орта

B – халық

C – жұмыспен қамтамасыз етілу

D – бизнес

• Жарнама жаһандануға қалай әсер етеді?

A – тауарлар мен қызметтердің құнын арттырады

B – жұмыспен қамтамасыз ету деңгейі артады

C – жергілікті бизнес санын арттырады

D – идеяларды таратып, әлемдік сауданы дамытады



Жаһандану дегеніміз не?

Негізгі

• ТҰК деген не?

A – трансжаһандық корпорациялар

B – сауда компаниялары

C – трансұлттық корпорациялар

D – трансұлттық компаниялар

Тереңдетілген

• Трансұлттық корпорациялардың зауыттары мен офистері не себепті кенже дамыған елдерде де орналасқан?

A – себебі бұл жарнамалау мүмкіндігін арттырады

B – себебі мұнда еңбек күші мен шикізат материалдары арзан

C – себебі мұнда халық көп жұмыс

D – себебі олардың халқы көп



Көлік желілері

Негізгі

- Тасымал жүйесінің негізгі үш элементі:

A – автокөлік жолдары, теміржол және терминалдар

B – көлік құралдары, жүк және жолаушылар

C – көлік құралдары, инфрақұрылым және терминалдар

D – инфрақұрылым, жүк және жолаушылар

Тереңдетілген

- АҚШ-та күніне қанша ұшу сапарлары болады?

A – 45 000-50 000

B – 15 000-нан аз

C – 26 000

D – 87 000-нан көп

- Автокөлік жолдары мен теміржолдар ... ретінде белгілі.

A – көлік құралдары

B – терминалдар

C – көлік жүйелері

D – инфрақұрылым

- Әлемде қанша жеңіл автокөлік бар?

A – 500 миллион

B – 600 миллион

C – 700 миллион

D – 800 миллион

- Терминалдар деген не?

A – көлік құралдары сақталатын орын

B – ұшақтар қонатын және ұшатын орын

C – бірнеше көлік желілері түйісетін орын

D – саяхаттың басталатын, аяқталатын немесе жолын ауыстыратын нүкте

- Көлік желілерінің ескіруі...

A – қоршаған орта үшін жақсы

B – эксплуатациялық шығындарды азайтады

C – сенімдірек

D – көп энергияны қажет етеді



Көлік желілері

Негізгі

• Төмендегілердің қайсысы көп энергия тұтынады?

A – көлік желілерінің ескіруі

B – халық санының артуы

C – саяхат санының артуы

D – жоғарыдағылардың барлығы

Тереңдетілген

• Төмендегілердің қайсысы тиімді көлік желілерін ұсына алады?

A – ақылды көліктер

B – эко-отын

C – сымсыз технология

D – жоғарыдағылардың барлығы



Жаһандық ауыл

Негізгі

- “Жаһандық ауыл” ұғымын кім енгізді?

A – Эрнест Берджесс

B – Маршалл Маклюэн

C – Гомер Хойт

D – Ричард Батлер

Тереңдетілген

- Маршалл Маклюэн қай елден?

A – АҚШ

B – Ұлыбритания

C – Канада

D – Үндістан

- Жаһандық ауыл деген не?

A – қашықтықтардың кедергісіз болуына байланысты біздің ғаламшардың кішкентай болып көрінуі туралы идея

B – адамдар саяхат жасаған сайын, біздің ғаламшардың үлкен болып көрінуі туралы идея

C – халық санының артуына байланысты біздің ғаламшардың кішкентай болып көрінуі туралы идея

D – коммуникация жақсарған сайын, біздің ғаламшардың үлкен болып көрінуі туралы идея

- 1993 жылы қанша мемлекет үшін интернет қолжетімді болды?

A – 60

B – 100

C – 120

D – 150

- Жаһандық ауылда тұрып жатқанымыздың белгісі қандай?

A – жаңа технология кез-келген жерде және кез-келген уақытта адамдарға қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді

B – БАҚ жаһандық оқиғалар жайлы бір сәтте хабар береді

C – біз сатып алатын заттар әлемнің түкпір-түкпірінде жасалған

D – жоғарыдағылардың барлығы

- Төмендегілердің қайсысы жаһанданудың салдары болып табылады?

A – урбандалу деңгейінің төмендеуі

B – урбандалу деңгейінің артуы

C – әлем халқы санының артуы

D – коммуникацияның артуы



Жаһандық ауыл

Негізгі

• Жаһандық ауылдың мәдени алуандылыққа зиян келтіріп жатқандығының белігісі қандай?

А – басқа мәдениеттердің өсіп жатқандығы туралы хабардар болу

В – басқа елдерге саяхат санының артуы

С – жерлердің барлығының біркелкі болып көрінуі

Д – адамдар арасындағы байланыстың артуы

Тереңдетілген

• Маклюэн коммуникация болашақта қандай болады деп болжады?

А – жаңа технологиялар мен жаһандық желідегі жақсартулар әсерінен оңай бола түседі

В – көршілерімізбен байланысу қиындай түседі

С – әлем халқының өмірін өзгертпейді

Д – жаңа технологиялар мен халық санының өсуіне байланысты күрделі бола түседі